made it possible to identify key thematic areas, scientific links among authors and countries, and promising directions for future research.

The findings reveal a steady increase in the number of ESG-related publications after 2019. The results indicate that researchers primarily focus on sustainable development, corporate governance, ESG disclosure, risk management, and corporate financial sustainability. The thematic analysis also demonstrates that financial planning remains a relatively new area of research with considerable potential for further development. The findings may be useful for the design of future studies in the fields of ESG and corporate finance.

Keywords: ESG, financial sustainability, financial planning, sustainable development, sustainable finance, bibliometric analysis, VOSviewer, Bibliometrix.

## ОБ АВТОРАХ

**Жакупова Айзада Абиловна** - докторант Университет Нархоз, г.Алматы, Казахстан, e-mail: aizada. zhakupova@narxoz.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8671-712X*

**Арыстанбаева Сауле Сабыровна -** д.э.н., профессор, директор Департамента докторантуры, Университет Нархоз, г.Алматы, Казахстан, e-mail: saule.arystanbaeva@narxoz.kz, ORCID: https://orcid.org/0009-0004-9040-390X

**Исмагулова Анара Айтмухамбетовна -** магистр экономики, старший преподаватель, Университет Нархоз, г. Алматы, Казахстан, e-mail: anara.ismagulova@narxoz.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-9306-3523

**МРНТИ: 06.61.33; 06.77.65**
**JEL Classification: I32; R11; O15; J61; C23**
**DOI: https://doi.org/10.52821/2789-4401-2026-4-162-176**

# АДАМИ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨҢІРЛІК ТЕҢСІЗДІК: ІСКЕ АСЫРЫЛМАҒАН ӘЛЕУЕТ МӘСЕЛЕСІ

**П. Н. Жиенбаева[1]*, Е. Ә. Жиенбаев[1,2], М. Әсентай[3]**
[1]Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан Республикасы
[1,2]Алматы менеджмент университеті (AlmaU), Алматы, Қазақстан Республикасы
[3]Mohamed bin Zayed University of Artificial Intelligence (MBZUAI), Абу-Даби, Біріккен Араб Әмірліктері

## АҢДАТПА

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының 16 өңірі бойынша 2010–2025 жылдарды қамтитын панельдік деректер негізінде адами капиталға жұмсалатын мемлекеттік шығындардың өңірлік табыс теңсіздігі мен кедейлік деңгейіне әсері кешенді түрде зерттелді.

*Зерттеу мақсаты* – білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет шығындарының теңсіздік пен кедейлікке тигізетін әсерін бағалау әрі осы әсерді модерациялайтын *«жасырын капитал»* механизмін эмпирикалық зерттеу.

*Әдіснамасы* – өңір деңгейінде кластерленген стандартты қателіктермен бағаланатын екі жақты бекітілген эффектілер моделі *(two-way fixed effects*), бас компоненттер талдауы *(PCA)* арқылы құрастырылған адами капитал индексі қолданылды, әрі адами капитал мен көші-қонның өзара әсері модельге енгізілді.

*Зерттеудің маңыздылығы мен құндылығы – Murphy, Shleifer* және *Vishny* (1991), *Beine, Docquier* және *Rapoport* (2008) және *LeSage* пен *Pace* (2009) еңбектерінің синтезіне негізделген *«жасырын капитал»* концепциясын Қазақстан контексінде тұжырымдау әрі оны эмпирикалық тестілеудің формалды процедурасын ұсыну.

Зерттеу нәтижелері бірінші және үшінші гипотезаларды қолдайды, ал екінші гипотеза бойынша шектеулі эмпирикалық қолдау байқалады. Адами капитал индексі Джини коэффициентін статистикалық тұрғыдан маңызды дәрежеде төмендетеді ($\beta$ =−0,0236; $p$ = 0,003). Жоғары білімді жұмыссыздар арасындағы сыртқа кету үлесі кедейлік деңгейін арттырады ($\beta$ = +0,0613; $p$ = 0,083). Адами капитал мен көші-қонның өзара әсерін сипаттайтын мүшенің Джини коэффициенті моделіндегі коэффициенті оң әрі статистикалық тұрғыдан маңызды ($\beta_3$ = +0,0031; p = 0,011). Нәтижелерді өңірлік басқаруда адами капиталға жұмсалатын қаражатты бөлу, білікті кадрларды ұстап қалу және өңіраралық қолдау шараларын көші-қон жағдайларын ескере отырып жоспарлау үшін қолдануға болады.

*Түйін сөздер*: жасырын капитал, адами капитал, өңірлік теңсіздік, кедейлік, білікті көші-қон, панельдік деректер.

**КІРІСПЕ**

Соңғы онжылдықта адами капиталды дамытуға инвестиция салу Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыттарының біріне айналды. Білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларына жұмсалатын мемлекеттік шығындар көлемі айтарлықтай артып, олардың жан басына шаққандағы мәндері 2010 жылдан бері бірқатар өңірлерде нақты түрде еселеп ұлғайды. Алайда осы инвестицияның әлеуметтік қайтарымы өңірлер арасында біркелкі сипатта көрінбейді. Дүниежүзілік банктің 2024 жылғы «Қазақстандағы кедейлік пен әділдікті бағалау» баяндамасына сай ауыл өңірлеріндегі кедейлік деңгейі қала аумақтарынан айтарлықтай жоғары болып қалуда (тиісінше 11,4% және 6,6%), ал ұлттық деңгейдегі Джини коэффициенті 2015–2021 жылдар аралығында 24,3-тен 26,4-ке дейін өскен [1]. Сонымен қатар, ішкі көші-қон ағымдары – әсіресе ауыл өңірлерінен республикалық маңызы бар қалаларға (Алматы, Астана, Шымкент) бағытталған білікті кадрлардың миграциясы – адами капитал қорын бір өңірден екіншіге ауыстырып, бастапқы өңірлерде жұмсалған шығындардың қайтарымына күмән келтіреді.

*Мақаланың мақсаты* – Қазақстанның 16 өңірі бойынша 2010–2025 жылдардағы панельдік деректер негізінде адами капитал шығындарының өңірлік табыс теңсіздігі мен кедейлік деңгейіне әсерін эконометрикалық тұрғыдан бағалау, осы әсерді модерациялайтын *«жасырын капитал»* механизмін тұжырымдау, әрі эмпирикалық тестілеу.

Мақсатқа қол жеткізу үшін: (1) *жасырын капитал* концепциясын тұжырымдау және оны эмпирикалық тестілеу процедурасын ұсыну; (2) Қазақстанның 16 өңірі бойынша панельдік деректер базасы мен *PCA*-негізіндегі адами капитал индексін құру; (3) екі жақты бекітілген эффектілер моделі арқылы *H1*, *H2*, *H3* гипотезаларын тестілеу; (4) нәтижелер негізінде өңірлік саясатты жетілдіру ұсыныстарын әзірлеу.

**Әдебиетке шолу.**

Адами капитал теориясында білім мен денсаулыққа инвестициялар өнімділіктің, табыстың және ұзақ мерзімді өсімнің негізі ретінде қарастырылады [2, 3, 4]. Алайда шығын көлемі мен әлеуметтік-экономикалық нәтижелер арасындағы байланыс әрдайым тұрақты емес [5, 6]. *Murphy, Shleifer* және *Vishny* адами капитал қайтарымының оның көлемімен қатар қандай секторда және аумақта пайдаланылуына тәуелділігін көрсеткен [7]. Бұл тұжырым осы зерттеудегі *«жасырын капитал»* концепциясының теориялық негізін құрайды.

Инвестиция қайтарымы қаржыландырудың сапасы мен оны пайдалану жағдайларына байланысты. *Pritchett* формалды оқыту мен нақты білім алу арасындағы айырмашылықты [8], *Hanushek* пен *Woessmann* когнитивтік дағдылардың экономикалық өсімдегі маңызын көрсеткен [9]. Білім беруге жұмсалатын шығындардың тиімділігі мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне және білім алушылардың меңгерген дағдыларының еңбек нарығы талаптарына сәйкестігіне байланысты [10, 11]. Денсаулық

капиталы еңбекке қабілеттілік пен табысқа ықпал етеді [4], ал мемлекеттік басқару сапасы денсаулық сақтау шығындарының әлеуметтік қайтарымын айқындайды [12]. Таяу Шығыс пен Орталық Азияда әлеуметтік шығындардың тиімділігін арттыру қажеттігі анықталған [13]; институционалдық сапаның рөлі *Acemoglu, Johnson* және *Robinson* еңбегінде негізделген [14]. Мәдениет инвестицияларының әлеуметтік қайтарымы халықаралық және отандық еңбектерде қарастырылған [15, 16].

Теңсіздік пен кедейлікті бөлек бағалау олардың қалыптасу механизмдерінің айырмашылығына негізделеді. *Dollar* мен *Kraay* экономикалық өсім мен кедей халық табысының байланысын [17], *Bourguignon* оның теңсіздік деңгейіне тәуелділігін [18], *Ravallion* екі құбылыстың өзара байланысы мен айырмашылығын көрсеткен [19]. *Alkire* мен *Foster* әдістемесі кедейліктің табыстық және табыстық емес өлшемдерін ажыратуға мүмкіндік береді [20]. Бұл бағыттар өңірлік әлеуметтік нәтижелерді бір ғана көрсеткішпен бағалаудың жеткіліксіздігін негіздейді.

Көші-қон мен кеңістіктік сыртқы әсерлер адами капитал қайтарымының өңіраралық бөлінуін түсіндіреді. Кеңістіктік эконометриканың әдіснамалық негіздері *LeSage* пен *Pace* және *Elhorst* еңбектерінде берілген [21, 22]. *Beine, Docquier* және *Rapoport*, сондай-ақ *Stark* көші-қон мүмкіндігінің білімге сұраныс пен адами капитал қорын арттыру әлеуетін қарастырған [23, 24]. *Bernard* пен *Bell* ішкі көші-қонның білім мен дағдыларды өңірлер арасында қайта бөлуге ықпал ететінін көрсетеді [25]. Тлеппаев және әріптестері Орталық Азия мен Кавказ елдерінде білім, институционалдық сапа, капитал инвестициялары және еңбек ресурстарының экономикалық өсумен байланысын панельдік деректер негізінде талдаған [26].

Қазақстан бойынша зерттеулер өңірлік айырмашылықтарды бірнеше бағытта ашады. Копеева білім нәтижелерінің сапалық алшақтығын [27], Кулькаева мен Өмірбаева денсаулық шығындары мен өңірлік көрсеткіштер байланысының біркелкі еместігін сипаттаған [28, 29]. Чуланова және әріптестері Түркістан мен Маңғыстауда көпөлшемді кедейліктің жоғары деңгейін [30], Мұхамедиев және әріптестері кедейліктің тереңдігі мен өткірлігінің әлеуметтік шиеленіспен байланысын көрсеткен [31]. Зейнолла және әріптестері кедейлік пен жұмыссыздықтың теңсіздікпен оң байланысын [32], Түркебаева және әріптестері қалалар мен өндірістік өңірлер динамикасының ұлттық трендтен айырмашылығын анықтаған [33]. Даулиева және әріптестері кедейліктің төмендеуін еңбек нарығы мен кәсіпкерлік құрылымымен байланыстырса [34], Киреева және әріптестері білім беру орталықтарының өңірлік теңсіздіктегі рөлін талдаған [35]. Мұхамедиев пен Спанкулова Қазақстан өңірлерінде кейбір шығын түрлерінің оң кеңістіктік сыртқы әсері байқалмайтынын көрсеткен [36]. Авторлардың алдыңғы зерттеуінде жұмыссыздық артқан сайын кедейліктің өсетіні, ал табыс артқан сайын төмендейтіні анықталған. Алайда адами капиталға инвестициялар мен кеңістіктік сыртқы әсерлер толық қарастырылмаған [37].

Осы әдебиеттерде адами капитал, теңсіздік, кедейлік және көші-қон әртүрлі қырынан зерттелгенімен, олардың өзара байланысын бағалауда концептуалдық және әдіснамалық олқылық сақталады. Мұхамедиев пен Спанкулова көші-қон арнасын жеке қарастырмаған [36], ал Зейнолла және әріптестері адами капиталға жұмсалатын шығындарды модельге тікелей енгізбеген [32]. Чуланова және әріптестерінің зерттеуі кедейліктің көпөлшемді сипатын талдауға арналған [30]. Осы зерттеудің үлесі - *Murphy, Shleifer* және *Vishny* [7], *Beine, Docquier* және *Rapoport* [23] және *LeSage* пен *Pace* [21] еңбектерін ұштастырып, «жасырын капитал» концепциясын тұжырымдау және адами капитал шығындары мен ішкі көші-қонның өзара әсерін Қазақстан өңірлерінің панельдік деректері негізінде эмпирикалық тексеру тәсілін ұсыну.

## ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Теориялық негіз және жасырын капитал концепциясы. Зерттеудің теориялық негізі үш бағыттағы әдебиеттің синтезіне сүйенеді: *«классикалық адами капитал»* теориясы [2, 3, 4], *«талантты тарату»* теориясы [7] және *«жоғары білікті көші-қон» теориясы* [23, 24]. Осы синтезге сүйене отырып, жасырын капиталды мынадай адами капитал ретінде анықтаймыз: бір өңірде мемлекеттік шығындар арқылы қалыптасқан, бірақ оның экономикалық қайтарымы (*i*) ішкі көші-қон арналары арқылы басқа өңірге, не (*ii*) кеңістіктік және уақыттық кідіріс салдарынан кейінгі кезеңдерге ауысатын адами

капитал бөлігі. Мұндай капитал жергілікті бюджеттік статистикада «инвестиция» ретінде тіркелсе де, оның әлеуметтік қайтарымы сол өңірде толық байқалмайды.

Жасырын капитал концепциясы өңірлік деңгейде бір-бірін толықтыратын екі арна арқылы көрінеді. *Тікелей арна* – жоғары білімді халықтың сыртқа кетуі бастапқы өңірдің кедейлік деңгейін арттырады (өнімді жұмыс күшін шығару, салық базасының тарылуы арқылы). *Интеракция арнасы* – білікті кадрлар жоғары қарқынмен кететін өңірлерде адами капитал шығындарының теңсіздікті азайтушы әсері әлсірейді, өйткені шығындар нәтижесінде қалыптасқан адами капитал басқа өңірлерге ауысады.

Гипотезалар. Жасырын капитал концепциясын эмпирикалық тексеру үшін үш гипотеза тұжырымдалды:

***H1***. Адами капиталға жұмсалатын мемлекеттік шығындар (білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет өңірлік табыс теңсіздігін (Джини коэффициенті) төмендетеді: адами капитал индексінің Джини-ге әсер коэффициенті теріс мәнге ие.

***H2***. *(жасырын капиталдың тікелей арнасы).* Жоғары білімді халықтың сыртқа кетуі өңірлік кедейлік деңгейін арттырады: жоғары білімді жұмыссыздар арасындағы көші-қон үлесінің кедейлікке әсер коэффициенті оң мәнге ие.

***H3.*** *(жасырын капиталдың интеракция арнасы).* Жоғары білімді халықтың сыртқа кетуі көбейген өңірлерде адами капитал шығындарының теңсіздікті азайтушы әсері әлсірейді: адами капитал индексі мен көші-қон логарифмінің өзара әсер мүшесінің Джини-ге әсер коэффициенті оң мәнге ие.

Деректер және үлгі. Панель Қазақстанның 16 өңірі - 14 облыс пен Астана және Алматы қалалары бойынша 2010–2025 жылдарды қамтиды; бақылаулар саны - 256 (16 × 16). Панельдің аумақтық құрамын тұрақты сақтау үшін 2022 жылы құрылған Жетісу, Ұлытау және Абай облыстары бүкіл кезеңде тиісінше Алматы, Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарымен біріктірілген.

Зерттеуде Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы ұсынған деректер пайдаланылды. Білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет салаларына жұмсалатын шығындардың 2025 жылғы жетіспейтін мәндері 2022–2024 жылдардағы деректер бойынша есептелген сызықтық трендті экстраполяциялау арқылы бағаланды. Қалған айнымалылар (Джини коэффициенті, кедейлік деңгейі, көші-қон көрсеткіштері, жан басына шаққандағы өңірлік өнім, орташа жалақы, жұмыссыздық, бейресми еңбек және тұрғын үй көрсеткіштері) 2025 жыл бойынша Ұлттық статистика бюросының бақылау нәтижелеріне сәйкес нақты деректер ретінде ұсынылған.

**Айнымалылар.** *Тәуелді айнымалылар:* кедейлік деңгейі $\boldsymbol{Poverty}_{it}$ (*i* өңіріндегі *t* жылдағы күн көріс минимумынан төмен табысы бар халық үлесі, %-бен) және Джини коэффициенті $\boldsymbol{Gini}_{it}$ (0–1 шкаласымен). Екі модель параллель бағаланады. *Негізгі тәуелсіз айнымалылар:* адами капитал шығындарының композициялық индексі $\boldsymbol{HC_PC1}_{it}$ бас компоненттер талдауы (*PCA*) арқылы құрастырылған:

$$HC_PC1_{it} = w_1 \cdot z(\ln Edu)_{it} + w_2 \cdot z(\ln Health)_{it} + w_3 \cdot z(\ln Culture)_{it}$$

*PC1* жалпы дисперсияның 92,6%-ын түсіндіреді; жүктемелер: $w_1 = 0{,}591$, $w_2 = 0{,}584$, $w_3 = 0{,}558$. Bartlett сфералық тесті *PCA*-ның жарамдылығын статистикалық тұрғыдан растайды. Жоғары білімді халықтың сыртқа кетуінің табиғи логарифмі $ln(Migr)_{it}$, орталықтандырылған көші-қон логарифмінің адами капитал индексімен өзара әсер мүшесі $HC_PC1 \times ln\ \tilde{Migr}_{it}$ (интеракция арнасының операционализациясы) және жоғары білімді жұмыссыздар арасындағы сыртқа кету үлесі $OutMigr_{it}$ (тікелей арнаның операционализациясы) енгізілген. Бақылаушы айнымалылар: бейресми жұмыспен қамту үлесі $(InformalEmp_{it})$, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық санының логарифмі $(ln(SelfEmp)_{it})$, тұрғын үй көмегін алушы отбасылар санының және жалпы көлемінің логарифмдері $(ln(HousingFam)_{it}, ln(HousingAmt)_{it})$, жан басына шаққандағы өңірлік өнімнің логарифмі $(ln(GRP_pc)_{it})$, жұмыссыздық деңгейі ($Unemp_{it}$), еңбек нарығындағы білім-кәсіп сәйкессіздігінің индикаторы ($Mismatch_{it}$ – тек Джини моделінде).

**Эконометрикалық спецификация.** Негізгі эконометрикалық модель – екі жақты бекітілген эффектілермен *(two-way fixed effects, 2WFE)* бағаланатын панельдік регрессия:

$$Y_{it} = \alpha_i + \lambda_t + \beta_1 \cdot HC_PC1_{it} + \beta_2 \cdot ln(Migr)_{it} + \beta_3 \cdot (HC_PC1 \times ln\ \tilde{Migr})_{it} + \beta_4 \cdot OutMigr_{it} + \sum_{k=5..k} \beta_k \cdot X_{it}^{(k)} + \varepsilon_{it},\ Y_{it} \in \{Gini_{it}, Poverty_{it}\},$$

мұндағы $\alpha_i$ - уақыт бойынша тұрақты өңірлік ерекшеліктерді (климат, тарихи мұра, базалық институционалдық сипаттамалар), $\lambda_t$ - барлық өңірге ортақ жылдық өзгерістерді (2014 жылғы валюталық дағдарыс, 2020 жылғы пандемия, ұлттық саясат өзгерістері) есепке алатын бекітілген эффектілер; $X_{it}^{(k)}$ - бақылаушы айнымалылар, $\varepsilon_{it}$ - кездейсоқ қалдық. Стандартты қателіктер өңір деңгейінде кластерленген. Бекітілген эффектілерді таңдау тұрақты өңірлік ерекшеліктердің регрессорлармен ықтимал корреляциясын және ортақ макроэкономикалық өзгерістерді ескеруге негізделеді. Бұл спецификация Қазақстан өңірлерін зерттеген еңбектерде де қолданылған [32, 36]. *H1* гипотезасы $\beta_1$ коэффициентінің Джини моделіндегі белгісі мен маңыздылығы арқылы, *H2* – $\beta_4$ (*OutMigr)* коэффициентінің кедейлік моделіндегі белгісі мен маңыздылығы арқылы, ал *H3* – $\beta_3$ (өзара әсер мүшесінің) Джини моделіндегі белгісі мен маңыздылығы арқылы тестіленеді.

**Шартты маржиналдық эффект.** *H3*-ті концептуалдық тұрғыдан түсінікті ұсыну үшін адами капитал индексінің Джини-ге шартты маржиналдық эффектісі есептеледі:

$$\partial Gini/\partial HC_PC1 = \beta_1 + \beta_3 \cdot (ln\ Migr - ln\ \tilde{Migr})$$

**Диагностикалық тестілер.** Барлық түсіндіруші айнымалылар бойынша дисперсияны ұлғайту факторының *(VIF)* мәндері 10-нан төмен *(Кесте 1).* Ең жоғары мәндер *HC_PC1* (9,99) және *ln(Migr) (8,95)* айнымалыларында байқалады. Бұл мәндер 10 шегіне жақын болғандықтан, модель коэффициенттерін түсіндіруде мультиколлинеарлықты ескеру қажет. Қалған регрессорлар үшін *VIF* 1,15–6,50 диапазонында, сондықтан моделде мультиколлинеарлық қаупі жоқ деп бағалаймыз. *Breusch-Pagan* тесті екі модельде де гомоскедастика гипотезасын 1% деңгейде қабылдамайды, сондықтан кластерленген стандартты қателіктер қолданылды. *Durbin-Watson* және *AR(1)* бағалауы кедейлік моделінде орташа *($\rho \approx 0,39$),* Джини моделінде едәуір жоғары *($\rho \approx 0,62$)* сериялық автокорреляцияны көрсетеді. Jarque-Bera тесті Джини моделінде қалдықтардың қалыптылық гипотезасын қабылдайды *($p = 0,411$).* Ramsey *RESET* тестінің нәтижелері модельге сызықтық емес мүшелерді қосу қажеттігінің әлсіз белгілерін көрсетеді. Деректер *Python* тіліндегі *pandas, statsmodels* және *linearmodels* кітапханалары арқылы өңделді.

Кесте 1 – Регрессорлар бойынша дисперсияны ұлғайту факторы (VIF)

| **Айнымалы** | VIF |
|---|---|
| Адами капитал индексі (HC_PC1) | 9,99 |
| Жоғары білімді халықтың сыртқа кету логарифмі (ln Migr) | 8,95 |
| HC_PC1 × ln $\tilde{Migr}$ (өзара әсер мүшесі) | 1,21 |
| Жоғары білімді жұмыссыз халық үлесі (Mismatch) | 3,13 |
| Жан басына шаққандағы ЖӨӨ логарифмі (ln GRP_pc) | 6,50 |
| Жұмыссыздық деңгейі, % (Unemp) | 2,04 |
| Бейресми жұмыспен қамтылу, % (Informal_pct) | 2,48 |
| Өзін-өзі жұмыспен қамтылған қызметкерлер логарифмі (ln Self_employed) | 4,39 |
| Тұрғын үй көмегін алатын отбасылар саны логарифмі (ln Housing_families) | 2,97 |
| Тұрғын үй көмегінің орташа мөлшері логарифмі (ln Housing_amount) | 1,15 |
| Ескертпе – *VIF > 10* мультиколлинеарлықты қосымша тексерудің шартты шегі ретінде қолданылады [38, б. 98]. | |

## ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ МЕН ТАЛДАУ

Бас компоненттер талдауы *(PCA)*. Бірінші бас компонент жалпы дисперсияның 92,6%-ын түсіндіреді – бұл жоғары шоғырлану үш салаға бөлінген бюджеттік шығындардың Қазақстан өңірлерінде салыстырмалы бір типті пропорциямен қаржыландырылатынын білдіреді. Осы құрылымдық біркелкілік адами капитал индексін бір өлшем бойынша интерпретациялауды негіздейді.

**Джини моделінің нәтижелері: *H1* және *H3* гипотезаларын тестілеу.**

Кесте 2 – Джини және кедейлік моделдерінің бағалау нәтижелері (джини: N=240, кедейлік: N=256; стандартты қателіктер өңір деңгейінде кластерленген)

| Айнымалы | Джини: $\beta$ | Джини: $p$ | Кедейлік: $\beta$ | Кедейлік: $p$ |
|---|---|---|---|---|
| Адами капитал индексі *(HC_PC1)* | −0,0236*** | 0,003 | −0,7368 | 0,138 |
| Жоғары білімді халықтың сыртқа кету логарифмі *(ln Migr)* | −0,0158* | 0,083 | +0,0835 | 0,931 |
| *HC_PC1* × *ln Migr̃* (өзара әсер мүшесі) | +0,0031** | 0,011 | +0,1732 | 0,149 |
| Жоғары білімді жұмыссыз халық үлесі *(Mismatch)* | +0,0004 | 0,531 | — | — |
| Жоғары білімді жұмыссыздар арасындағы сыртқа кету үлесі *(OutMigr)* | — | — | +0,0613* | 0,083 |
| Жан басына шаққандағы ЖӨӨ логарифмі *(ln GRP_pc)* | −0,0025 | 0,870 | −0,3276 | 0,760 |
| Жұмыссыздық деңгейі, % *(Unemp)* | −0,0082 | 0,417 | +0,5403 | 0,275 |
| Бақылаулар саны, *N* | 240 | | 256 | |
| $R^2$ | 0,879 | | 0,831 | |

Ескертпе – стандартты қателіктер өңір деңгейінде кластерленген.
*** p < 0,01; ** p < 0,05; * p < 0,10. Жұлдызшасыз коэффициенттер 10% деңгейде статистикалық маңызды емес. «—» бастапқы кестеде осы айнымалының бағасы берілмегенін білдіреді. Джини моделінің толық регрессиясы қосымша бақылаушы айнымалыларды (InformalEmp, ln SelfEmp, ln HousingFam, ln HousingAmt) қамтиды.
Дереккөз: авторлар есептеулері.


*H1* – эмпирикалық қолдау табады. Адами капитал индексінің Джини коэффициентіне әсер коэффициенті теріс әрі 1% деңгейде жоғары статистикалық маңыздылыққа ие *($\beta$ = −0,0236; $p$ = 0,003)*. Маржиналдық экономикалық интерпретация: көші-қон логарифмі оны орталықтандыру кезінде қолданылған орташа мәнге тең болғанда, *HC_PC1* индексінің бір бірлікке өсуі Джини коэффициентінің шамамен 0,0236 бірлікке төмендеуімен байланысты. Өзара әсер мүшесі енгізілгендіктен, бұл байланыстың шамасы көші-қон деңгейіне қарай өзгереді.

**Кедейлік моделінің нәтижелері: H2 гипотезасын тестілеу**.

*H2* бойынша шектеулі эмпирикалық қолдау байқалады. Жоғары білімді жұмыссыздар арасындағы сыртқа кету көрсеткішінің коэффициенті оң және 10% деңгейде статистикалық маңызды *($\beta$ = +0,0613; $p$ = 0,083),* алайда 5% деңгейдегі маңыздылық шегіне жетпейді. Бұл нәтиже аталған көрсеткіш пен өңірлік кедейлік деңгейі арасындағы оң байланысқа сәйкес келеді. Көрсеткіштің регрессиядағы өлшем бірлігі толық нақтыланбағандықтан, коэффициентті бір пайыздық пункттік өзгерістің әсері ретінде түсіндіру шектеледі.


Адами капитал индексінің кедейлікке тікелей әсері ($\beta$ = −0,7368; $p$ = 0,138) теріс белгіге ие, бірақ статистикалық тұрғыдан маңызды емес. Бұл нәтиже зерттеудің тұжырымдамалық негізінен туындайтын теориялық күтіммен үйлеседі: *Bourguignon* (2004) [18] мен *Ravallion* (2001) [19] «теңсіздік пен кедейліктің айырмашылығы» туралы тұжырым бойынша, бұл екі құбылыс әртүрлі механизмдер арқылы қалыптасады. Адами капитал шығындары теңсіздікке тікелей әсер еткенімен *(H1)*, кедейлік деңгейіне құрылымдық факторлар (көші-қон, бейресми еңбек, инфрақұрылым) арқылы жанама әсер етеді. Қазақстан жағдайында бұл айырмашылық Чуланова және әріптестері (2024) [30] көпөлшемді кедейлік талдауымен сәйкес келеді.

2025 жылы өңірлік айырмашылықтар айқын байқалады: Джини коэффициенті Маңғыстау мен Атырауда төмен (шамамен 0,17 және 0,22), ал Павлодар мен Қарағандыда жоғары (шамамен 0,33 және 0,32). Кедейліктің аумақтық таралуы өзгеше: оның деңгейі Астанада ең төмен (2,6%), ал Маңғыстау мен Түркістанда жоғары (шамамен 7–8%). Бұл көрініс табыс теңсіздігі төмен өңірде кедейлік деңгейі де міндетті түрде төмен болмайтынын көрсетеді. Екі көрсеткіштің 2025 жылғы өңірлік таралуы *Сурет 1*-де берілген.




Сурет 1 – Өңірлер бойынша Джини коэффициенті және кедейлік паттерны деңгейінің 2025 жылғы көрінісі (нақты деректер).
Ескертпе – авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.

Адами капитал индексінің *(HC_PC1)* 2025 жылғы өңірлік таралуында айқын айырмашылықтар байқалады. Түркістан облысында, Алматы қаласы мен Астанада индекс жоғары, Қарағанды және Алматы облыстарында да салыстырмалы түрде жоғары мәндер байқалады. Ал Солтүстік Қазақстан, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында индекс төмен. Индекстің өңірлік таралуы *Сурет 2*-де көрсетілген.




Сурет 2 – Адами капитал индексі (HC_PC1, 2025) өңірлер бойынша.
Ескертпе – авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.

Шартты маржиналдық эффект. *H3*-тің расталуын концептуалдық тұрғыдан түсінікті ұсыну үшін адами капитал индексінің Джини-ге шартты маржиналдық эффектісі есептелді:

$$\partial Gini/\partial HC_PC1 = \beta_1 + \beta_3 \cdot \Delta = -0{,}0236 + 0{,}0031 \cdot \Delta,$$

мұндағы $\Delta$ – $i$ өңірінің көші-қон логарифмінің өңірлік орташадан ауытқуы. Үш сценарий есептелді. (а) Орташа көші-қон деңгейіндегі өңірде шығындардың әсері негізгі мәнге тең *(∂Gini/∂HC* ≈ −0,024 –

теңсіздіктің елеулі төмендеуі). (ә) Көші-қон деңгейі орташадан 1 бірлікке төмен өңірде шығындардың әсері күшейіп, шамамен −0,027 деңгейіне жетеді. (б) Көші-қон деңгейі орташадан 1 бірлікке жоғары өңірде шығындардың әсері әлсіреп, шамамен −0,021 деңгейіне төмендейді - яғни жасырын капитал ағымы жоғары өңірлерде шығындардың теңестіруші функциясы шамамен 13,1%-ға азаяды. Бұл эффект Сурет 3-де сенім аралықтарымен бірге көрсетілген.

**Өңірлердің жасырын капитал бойынша типологиясы.**

Алынған эконометрикалық нәтижелерді Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерімен байланыстырып түсіндіру үшін зерттеуге қамтылған 16 өңір жасырын капитал ағымының сипатына қарай үш топқа бөлінді *(Кесте 3):* донор өңірлер (білікті кадрды жоғалтатын), шикізаттық өңірлер (табыс жоғары, адами капитал шығынының табысқа қатысты үлесі ұлттық орташадан төмен) және қабылдаушы өңірлер (білікті кадрды тартатын).

Кесте 3 – Қазақстан өңірлерінің жасырын капитал ағымы бойынша типологиясы (2024 жыл)

| ***Көрсеткіш*** | ***Донор*** | ***Шикізаттық*** | ***Қабылдаушы*** |
|---|---|---|---|
| Өңір саны *(n)* | 6 | 5 | 5 |
| Өңірлер | Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Алматы обл., СҚО, ШҚО | Атырау, Маңғыстау, БҚО, Ақтөбе, Павлодар | Астана, Алматы, Қарағанды, Ақмола, Қостанай |
| Орташа Джини | 0,260 | 0,281 | 0,273 |
| Кедейлік (%) | 7,7 | 4,7 | 3,8 |
| *HC_PC1* индексі (орташа) | −0,38 | −0,18 | +0,52 |
| Жасырын капитал ағыны *(OutMigr)* | 0,26 | 0,18 | 0,11 |
| *Δ ln Migr* | −0,41 | +0,12 | +0,57 |
| *∂Gini/∂HC_PC1* | −0,0249 | −0,0232 | −0,0218 |
| Басым гипотеза | *H2 + H3* | *H1* | *H3* (қабылдаушы) |

Ескертпе – авторлар Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы деректері негізінде құрастырған; маржиналдық эффект $\partial \text{Gini}/\partial \text{HC_PC1} = \beta_1 + \beta_3 \cdot \Delta$ формуласы бойынша есептелген ($\beta_1 = -0{,}0236$; $\beta_3 = +0{,}0031$), мұндағы Δ – топтың орташа ln(Migr) мәнінің ұлттық орташадан ауытқуы. HC_PC1 – бас компоненттер талдауы (PCA) арқылы құрастырылған стандартталған индекс (z-score, орташа = 0, стандартты ауытқу = 1); теріс мәндер ұлттық орташадан төмен адами капитал инвестициясын білдіреді. Жасырын капитал ағыны (OutMigr) – жоғары білімді жұмыссыздар арасындағы өңірден сыртқа кету үлесі (0–1 шкаласында, мысалы 0,28 = 28%).

Донор өңірлерде адами капитал шығындарының теңсіздікті азайтушы әсері ең күшті болғанымен *(∂Gini/∂HC_PC1 ≈ −0,0249),* кедейлік деңгейі жоғары (≈ 7,7%) күйінде қалады. Бұл ерекшелік білікті халықтың сыртқа кетуімен байланысты *H2* арнасы арқылы түсіндіріледі. Оңтүстік өңірлердегі алшақтық та айқын: Түркістан облысында көпөлшемді кедейлік 12,2%-ға жетсе, Алматы қаласында 1–2% шегінде [30].

Сурет 3 – Адами капиталдың Джини-ге шартты маржиналдық әсері: $\partial \text{Gini}/\partial \text{HC_PC1} = \beta_1 + \beta_3 \cdot (\ln \text{Migr} - \ln \text{Migr}^*)$. Көлбеу оң градиенті жасырын капиталдың интеракция арнасының эмпирикалық расталуын көрсетеді.
Ескертпе – авторлар есептеулері негізінде құрастырылған.

Шикізаттық өңірлерде - Атырау, Маңғыстау, БҚО, Ақтөбе және Павлодарда - адами капитал индексі төмен *(≈ −0,18),* ал Джини коэффициенті жоғары *(≈ 0,281).* Жан басына шаққандағы өңірлік өнімнің жоғарылығына қарамастан, мемлекеттік адами капитал шығындарының табысқа қатысты үлесі ұлттық орташадан төмен. Бұл айырмашылық ресурстық табыс пен адами капитал инвестицияларының әлеуметтік қайтарымын бөлек қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Қабылдаушы өңірлерде, соның ішінде Астана мен Алматыда, адами капитал индексі жоғары болғанымен, шығындардың теңсіздікті азайтушы маржиналдық әсері салыстырмалы әлсіз *(∂Gini/∂HC_PC1 ≈ −0,0218).* Донор өңірлермен салыстырғандағы айырмашылық шамамен 12%-ды құрайды. Бұл ерекшелік *H3* арнасымен - көші-қон мен адами капитал шығындарының өзара әсерімен байланыстырылған. Үш топтың салыстырмасы инвестиция қайтарымының өңірлік экономикалық құрылым мен көші-қон жағдайларына тәуелділігін ашады.

**Нәтижелерді отандық және халықаралық әдебиетпен салыстыру**. Зейнолла және әріптестері (2025) [32] 16 өңір × 2001–2022 жылдарды қамтитын бекітілген эффектілер моделінде жұмыссыздықтың ($\beta$ = +0,011) және күн көріс минимумынан төмен халық үлесінің ($\beta$ = +0,000766) Джини коэффициентін арттыратынын көрсеткен. Олардың модельдерінде адами капитал шығындары тікелей айнымалы ретінде кірмеген, дегенмен авторлар «білімге қолжетімділік» ұғымын теңсіздіктің құрылымдық факторы ретінде көрсетеді.

